

**«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**



«Қайырымдылық -жылы жүректен» қайырымдылық іс шарасының сценарийі



Педагог ұйымдастырушы Кукеева Ж.

2023-2024 оқу жылы

«Қайырымдылық -жылы жүректен» қайырымдылық концерті

I жүргізуші

Армысыздар қымбатты қонақтар, жүрегі мейірімге толы жаны жайсаң ұлағатты ұстаздар! Бүгінгі «Қамқорлық» қайырымдылық айлығын қорытындылау мақсатында ұйымдастырылып отырған «Қайырымдылық - жылы жүректен» атты концертіне қош келдіңіздер!

II жүргізуші

Қайырлы күн, қадірлі қауым!

Армысыздар, жаны жайсаң, жүрегі жомарт құрметті қонақтар, ұлағатты ұстаздар!

I жүргізуші

Болашақта Еліміздің өркендеуіне білімді жастар ғана биік асулардан аса алатынын ескерсек, балаларға жасаған қамқорлық елімізге еселеніп қайтатыны анық. Ел тірегі, ертеңіміздің кепілі-бұл жас ұрпақ. Қазіргі уақытта қамқорлық пен қолдауға мұқтаж болған, әр адамнан қайырымдылық, алақандарынан жылулық сезімін күтетін жандарға қолдау көрсетуге арналған қайырымдылық концертіне қош келдіңіздер!

II жүргізуші

Мейірімділікті сіңірген адам бойына,

Өмірге мына, жылылықпен гүл еккен- дей отырып, жас маман Аяулым Сейілханқызының орындауында «Көреғұлы» күйі.

I жүргізуші

Мектебімізде 22.01-22.02.2024 ж. күндері аралығында Республикалық «Қамқорлық» қайырымдылық айлығы өткені баршаңызға мәлім. Бұл акция барысында оқушыларды қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында сыныптар арасында ашық тәрбие сағаттары, «Шебер қолдар» жәрмеңкесі, көркем сурет көрмесі ұйымдастырылды.

II жүргізуші

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» -деген екен дана халық. Қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанынан тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу әрбір адамның азаматтық парызы.

I жүргізуші

Ендеше, осындай қайырымды істің жаршысы болып жүрген, мектеп директоры Жанил Анишовнаға сөз кезегі беріледі. (Алғыс хат беріледі)

II жүргізуші

«Ағайын тату болса, ас көп» деген,
Жақсылықта әрқашан бірге жүрген.
Ағайын, бауырларға 1000 рахмет,
Қиналғанда бір- бірін демеп жүргені!- дей отырып, мың бұралған бишіміз
«Өзбекше» биімен ортаға шақырамыз!

I жүргізуші

Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!
Шәкіртке шыңдай биік алыпсыздар.
Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,
Күндей боп күлімдеген жарықсыздар- дей отырып, қазақ тілі пәні мұғалімі
Майра Шерубаеваның орындауында әнін «Мен деп ойла» қарсы алыңыздар!

II жүргізуші

Адамзатты жарататын – ана, көбейтетін – ана, ұрпақты ұластыратын –ана.
Олай болса, келесі кезекте Жазира Ержанованың орындауында «Бозторғай
ана» әнін қабыл алыңыздар!

I жүргізуші

Жақсылық көрсем – көлдеймін,
Жамандық көрсем – шөлдеймін.
Жақсылық үшін жадырап,
Жанымды жырмен тербеймін.
Келесі кезекте математика пәнінің мұғалімі Мадиева Сауленің орындауында
«Ағайынды екі жігіт» термесін қабыл алыңыздар!

II жүргізуші

Жақсылықты ақ жүрекпен қабылдап,
Самға биік, жалын атып жүр алда.
Жігерің мен сеніміңді оттық қып,
Жас қырандай қанат қағып қиянға.
Асқақ арман –үлкен өмір бастауы,
Болашаққа бақыт үнін жолдаңдар.
Ортаға «Құдаша биімен» жас ұстаздарымызды шақырамыз!

I жүргізуші

Ұстаз деген -жарық күні ғаламның,
Ұстаз деген-анасы ол адамның.
Бүкіл әлем мойындады еңбегін,
Сен де одан адам болып жаралдың.
Сахна төріне Эльвира Асхатовнаның орындауында «Наша школа» әнімен
шақырамыз!

I жүргізуші

Тірлікке бастаусыңдар тұнық бұлақ,
Таң шапақ сәулесіңдер жарық шырақ.
Жүз көрер айнасыңдар шаң қонбаған,
Жайдары жаз күніндей жанға шуақ, -дей отырып жайдары жайсаң
мектебіміздің психолог мамандарымыздың орындауында «Менің досым» әнін
қабыл алыңыздар!

II жүргізуші

Құрметті ұстаздар, мектеп оқушыларының атынан көрсеткен
қамқорлықтарыңыз бен аялы алақан, жылы лебіздеріңіз үшін басымызды иіп,
рақметімізді айтамыз.
Ортаға “Заманауи” биімен жас мұғалімдерімізді шақырамыз.

I жүргізуші

Мейірімділік - ғажайып өмір есігі,
Мейіріммен тербетілер бесігің.
Ашық болсын мұқтаждарға көңілің мен есігің,
Жарқырасын шуақ боп алғашқы үміт,
Жүректерді жүрекпен жалғастырып.
Адамзатқа бірлік бер, тыныштық бер –
Ынтымақтан туындар бар жақсылық!

II жүргізуші

Ортада бастауыш сынып мұғалімдерінің орындауында «Алғыс» әнін қабыл
алыңыздар!

I жүргізуші

Пейілділік көл - көсір,
Жомарттық ерге сын.
Кеңдігін көрсеткен.
Қайырымдылық қорында,
Ізгілік жолында.
Мың алғыс, ағалар,
Рухы елдің жебесін.!

II жүргізуші

Әркез жүрегіміз кең, пейіліміз ақ болып жақсылық жасауға ұмтылып
тұрайық!!!
Осындай игі істер жалғасын табады деп сенеміз. Көңіл қойып
тыңдағандарыңызға рахмет!!!

**«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы 23 ақпан күні
қайырымдылық акциясына орай ұйымдастырылған
«Қайырымдылық – жылы жүректен» концертінің**

Анықтамасы

Мақсаты: Жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді дарыту. Кішіпейілділікке, бауырмалдыққа баулу.

Адам баласының жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кең пейілділік, мейірімділік. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттердің бірі. Адамдар бір – біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды.

Мектебімізде 23.02.2024 ж. күні бастауыш кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен және мектеп әкімшілігінің қолдауымен ақпан айы бойы ұйымдастырылған мектепішілік «Қамқорлық» қайырымдылық айлығын қорытындылау мақсатында «Қайырымдылық – жылы жүректен» атты концерт өткізілді.

Бұл акцияның мақсаты - әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету. Концертке мектеп ұжымы атсалысып өз өнерлерін көрсетті. Концертке мектебіміздің мектеп директоры, ұстаздар және ата-аналар көрермен болды. Шара соңында мектеп директоры акцияның өтуіне атсалысқан демеушілерге, ұстаздар қауымына алғысын айтып, мақтау қағазымен марапаттады. Қайырымдылық адамгершілік қасиетінің ең ізгі бастауы. «Жанашырлыққа – жан риза» дегендей аз қамтылған қамқорлыққа зәру жандардың қамқоршысы болу, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу әр адамның азаматтық парызы.



